

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Байтокаева Лаура Серикболовна, Каджаева Ұлжан Бисембаевна, Саменова Шолпан Рахимовна

«Мектептегі 1 жылдық тәлімгерлік үдерісінің нәтижесі»

<https://www.youtube.com/watch?v=0buA5AeYtPE>

Тәлімгерлік деген не?

- Тәлімгерлік тәжірибесі мол мұғалім мен тәжірибесі аз дау мұғалімнің арасындағы қарым-қатынас.
- Осы үдеріс аясында тәжірибесі мол мұғалім тәжірибесі аз мұғалімнің кәсіби және тұлғалық өсуіне ықпал ету үшін оның белгілі бір дағдылары мен білімдерін дамытады (Duse et al., 2017).
- Көп жағдайда жас мамандар физикалық, психикалық және эмоционалдық қажуға тап болады. Сондықтан әлі тәжірибе жинақтамаған кез келген мұғалімге қызметінің алғашқы жылдарында көмек пен қолдау көрсеткен өте маңызды (McKinley, 2021).

Қорытынды

Тәлімгерлердің жауапкершілігін көтеру және аталмыш үдеріске қызығушылығын арттыру үшін жыл соңында «Үздік тәлімгер» номинациясы бойынша ең белсенді тәлімгерлерді анықтау, оларды дипломдармен марапаттау

«Үздік тәлімгер» номинациясын тағайындау үшін оқу жылының басында нақты критерийлер жасақталды

«Үздік тәлімгер» критерийлері

1. Ментидің сабақ беру сапасын бақылау:
 - 1) Сабаққа жүйелі түрде қатысу (3 сабақтан кем емес);
 - 2) МКДМ - мен байланыс, конструктивті кері байланыс беру;
 - 3) Ментидің қажеттілігіне байланысты әдістемелік көмек көрсету;
 - 4) Кәсіби әңгіменің жоспарлы өткізілуі.
2. Ментидің «Ментор мен менти» декадасына, «Үздік ашық сабақ» конкурсына ментордың қолдауымен қатысуы.
3. Ментордың әртүрлі үйретуші іс-шараларды өткізуі (семинар, вебинар, коучинг, тренинг, шеберлік класы).
4. Ментиді сабақты зерттеуге (Lesson Study) тарту. Зерттеушілік мәдениетін дамыту және конференцияларға қатысу.
5. Ментидің мектеп өміріне белсенді қатысуы.

Пайдаланылған әдебиет

1. Brondyk, S., & Searby, L. (2013). Best practices in mentoring: Complexities and possibilities. International Journal of Mentoring and Coaching in Education.
2. Cornu, R. L. (2005). Peer mentoring: Engaging pre-service teachers in mentoring one another. Mentoring & Tutoring: Partnership in Learning, 13(3), 355-366.
3. Duse, C. S., Duse, D. M., & Karkowska, M. (2017). How important is mentoring in education?. In MATEC Web of Conferences (Vol. 121, p. 12005). EDP Sciences.
4. McKinley, D. (2021, March 5). The importance of mentoring new teachers. Incompassing Education. Retrieved from <https://incompassinged.com/2017/07/14/the-importance-of-mentoring-new-teachers/>.
5. Sundli, L. (2007). Mentoring—A new mantra for education?. Teaching and teacher education, 23(2), 201-214

Өзектілігі

- тәлімгерлік үдерісі жөнінде Қазақстан контекстінде зерттеудің аздығы
 - зерттеу нәтижелерінің тәлімгерлер мен мектеп әкімшілігіне өз мектептерінде тәлімгерлік үдерісін тиімді ұйымдастыру туралы идеялар бере алуы

Мақсаты

- мектептегі тәлімгерлік үдерісінің тиімділігін анықтау
 - тәлімгерлік барысындағы кездескен кедергілердің шешімдерін ұсыну

Зерттеу сұрақтары

- Тәлімгерлік үдерісі барысында жас мамандар тәлімгерлерінен нені үйренеді?
 - Тәлімгерлік кезінде қандай кедергілер орын алады?
 - Анықталған кедергілерді жою үшін қандай әрекеттер жасаған жөн?

- Тәлімгерлік үдерісінің ұтымды тұстары: сыртқы жиынтық бағалауға дайындықтағы көмек, түрлі әдіс-тәсілдермен бөлісу, ашық сабақтағы қолдау
- Тәлімгерлерден алынған сұхбат нәтижесінде жылдық жоспар бойынша қойылған мақсаттардың **толық жүзеге аспауы анықталды**

- Уақыттың жеткіліксіздігі. Бұл қиындықтың орын алуына онлайн форматта көптеген мұғалімдердің бір уақытта сабақ өткізуі себеп болған.
- Алайда уақыттың жеткіліксіздігі MS TEAMS платформасында **сабақты видеоға жазып алу** арқылы өз шешімін тапқан.

- **Тәлімгердің** оқу жылының соңындағы **жылдық есебі**, жыл басында жасаған **жұмыс жоспары** және **тәлім алушының жылдық есебінің** талдаулары салыстырылды.
- Тәлімгер тарапынан тәлімгерлік үдерісіне немқұрайлы қараған жағдайлардың орын алғаны белгілі болды.

Тәлімгерлермен сұхбат

Тәлім алушылардың айлық есептерін (сауалнама түрінде) талдау

Тәлімгерлердің жылдық есептерін талдау

Зерттеу әдістері